

## АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ ЕЛДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БӘСЕКЕЛЕСТІК ҚАБІЛЕТТІЛІГІНЕ ЫҚПАЛЫ

<b>Оңғарбек ӘЛІПБЕКІ</b>	биология ғылымдарының докторы, биология профессоры, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана, Қазақстан, <a href="mailto:aalipbeki@gmail.com">aalipbeki@gmail.com</a> , ORCID: 0000-0001-6205-0490, ScopusID: 57190942962
<b>Бақытгүл ХАМБАР*</b>	экономика ғылымдарының кандидаты, «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ, Астана, Қазақстан, <a href="mailto:237809@gmail.com">237809@gmail.com</a> , ORCID: 0000-0001-5075-3842, Scopus ID: 57199174460, ResearcherID: AAM-1241-2020
<b>Чаймгуль ӘЛІПБЕКОВА</b>	ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана, Қазақстан, <a href="mailto:chaimgul@mail.ru">chaimgul@mail.ru</a>

Қолжазбаның редакцияға түскен күні: 05/09/2022

DOI: 10.52123/1994-2370-2022-876  
ӘОЖ 339.972  
FTAХТК 06.52.17

**Аңдатпа.** Қазір тұрақты даму мәселесі халықаралық қатынастардың басымдықтарының бірі болып табылады. Сондықтан БҰҰ-на мүше елдердің барлығы 2030 жылға дейінгі тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыруға ерекше мән беруде. Тұрақты даму мақсаттарының бірі аштықты жоюға бағытталған. Бұл мақсатта азық-түлік қауіпсіздігі саясаты қарастырылған. Ал азық-түлдік қауіпсіздігі кез-келген елдің халықараулық аренадағы сенімділігін көрсететін факторлардың бірі болып табылады.

Мақалада авторлар Тұрақты даму мақсаттарының индексі және Жаһандық азық-түлік қауіпсіздігі индексі сияқты халықаралық рейтингтерінің мәліметтеріне салыстырмалы талдау жасалған. Қазақстанда азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған тұрақты даму міндеттерін тиімді жүзеге асыруға кедергі келтіретін мәселелер анықталған.

**Түйін сөздер:** азық-түлік қауіпсіздігі, азық-түлік қауіпсіздігінің жаһандық индексі, бәсекелестік қабілет, ғаламдық азық-түлік қауіпсіздігі индексі, Қазақстан, тұрақты даму, тұрақты даму мақсаттары, тұрақты даму мақсаттарының индексі, халықаралық қатынастар.

**JEL кодтары:** Q01, Q18, Q13.

**Abstract.** Today the issue of sustainable development is a subject of importance for the success of international relations. Therefore, UN member countries are actively working on the implementation of the 2030 Sustainable Development Goals. One of the Sustainable Development Goals is directed toward eliminating hunger. This goal provides for a policy of agro-food security. In its turn, agro-food security presents itself as one of the factors of confidence of any country in the international arena.

In the article, the authors conducted a comparative analysis of such international ratings as the Index of Sustainable Development Goals and the Global Index of Food Security. The problems that hinder the effective implementation of sustainable development objectives which would ensure food security in Kazakhstan were revealed.

**Keywords:** Global Food Security Index, Kazakhstan, competitiveness, international relations, food security, sustainable development, SDG index, Sustainable Development Goals.

**JEL codes:** Q01, Q18, Q13.

**Аннотация.** Сегодня вопрос устойчивого развития является одним из приоритетов успешности международных отношений. Поэтому страны – члены ООН активно работают над реализацией Целей устойчивого развития до 2030 года. Одна из целей устойчивого развития направлена на ликвидации голода. Данная цель предусматривает политику агропродовольственной безопасности. В свою очередь агропродовольственная безопасность является одним из факторов уверенности любой страны в международной арене.

В статье авторами проведен сравнительный анализ данных таких международных рейтингов, как Индекс Целей устойчивого развития и Глобальный индекс продовольственной безопасности. Выявлены проблемы, сдерживающие эффективной реализации задач устойчивого развития, направленных на обеспечение

\*Хат-хабарларға арналған автор: Б. Хамбар, [237809@gmail.com](mailto:237809@gmail.com)

продовольственной безопасности в Казахстане.

**Ключевые слова:** глобальный индекс продовольственной безопасности, Казахстан, конкурентоспособность, международные отношения, продовольственная безопасность, устойчивое развитие, индекс ЦУР, цели устойчивого развития.

**JEL коды:** Q01, Q18, Q13.

## Кіріспе

Халықаралық қатынастар жүйесіндегі маңызды мәселелердің бірі – азық-түлік қауіпсіздігі. Ежелгі заманнан-ақ, азық-түлік қауіпсіздігі кез-келген елдің халықаралық аренада сенімді саясат жүргізуіне тікелей ықпалде ететін факторларының бірінің ролін атқарып келеді. Азық-түлік ресурстарына талас, олардың жетіспеуі және тең бөлінбеуі тарихта талай қақтығыстардың себебіне айналғаны белгілі. Олай болса, азық-түлік қауіпсіздігі мәселесі елдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығының негізі ғана емес, халықаралық аренадағы елдің орнын тікелей ықпал ететін факторлардың бірі екеніне күмән жоқ. Сол себепті қазір дамудың кез-келген бағыты бойынша елдер арасында салыстырмалы талдау жасау үшін халықаралық рейтингтер қолданылады. Мақалада Қазақстанның әлемдік азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі орнына баға беру үшін халықаралық рейтингтер нәтижелеріне талдау жасалады.

Ішкі азық-түлік нарығының тұрақтылығы мемлекеттік ішкі және сыртқы саясатын ешкімге тәуелсіз жүргізуге мүмкіндік береді. Сондықтан да Қазақстан Республикасының Сыртқы саясатының 2020-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасындағы басымдықтардың бірі - «...өңірлік азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша халықаралық күш-жігерге, оның ішінде Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам Ұйымының әлеуетін пайдалану арқылы қатысу» деп көрсетілген. Басымдықтың осылай анықталу кездейсоқ емес. Қазіргі таңда әлем жер бетіндегі барлық елдердің бір үлкен нарыққа айналу үрдісін бастан кешіп отыр. Бұл үрдіс «шекарасыз әлем» тұжырымы аясында елдердің күштерін біріктіруді қажет етеді. Осыған байланысты 2015 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болып табылатын 193 ел бірігіп, Тұрақты даму саласындағы 2030 жылға дейінгі «Тұрақты даму мақсаттарын» қабылдаған болатын. Бұл бір-бірімен байланысты 17

түрлі мақсаттың жиынтығы, 2-мақсат жер бетіндегі аштықты жою мәселесіне арналған. Бірақ басқа мақсаттар аясында да аштықты жеңу мәселесіне қатысты міндеттер қарастырылған. Алайда COVID-19 пандемиясына тұрақты даму жөніндегі жаһандық мақсаттарды іске асыру мәселесіне айтарлықтай қиындық тудырғаны белгілі. Көптеген елдерде адамдардың аштығы мәселесінің өзектілігі бұрынғыдан да арта түсті. Сондықтан қазір оның себептеріне талдау жасау аса маңызды. Ұсынылып отырған мақалада Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігінің жағдайына халықаралық рейтингтер мәліметтері негізінде талдау жасай отырып, себептерін анықтау міндеті алға қойылып отыр.

## Әдебиетке шолу

Азық-түлік қауіпсіздігі мәселесі жаңа ұғым емес. Алайда бүгінгі күнге дейін бұл ұғым жөнінде бір жақты түсінік пайда болды деуге келмейді. Азық-түлік қауіпсіздігі жөнінде жазатын авторлардың басым бөлігі аталған мәселе жөніндегі көзқарастарда жүйелеуге тырысады. Мысалы Е.В.Нехода (2013) деген автор азық-түлік қауіпсіздігінің даму эволюциясын шартты түрде 3 топқа бөлуге болатынын айтады. Оның ойынша 1946-1970 жылдары азық-түлік қауіпсіздігі азық-түлік тәуелсіздігі және оның импортын азайту ретінде қарастырылды. 1970-1990 жылдар аралығы келесі кезең ретінде қарастырылған. Бұл кезеңде азық-түліктің әлемдік қорына назар аударылды. Автор үшінші кезеңді Азық-түлік мәселелері жөніндегі дүниежүзілік саммиттің өткен кезеңімен байланыстырады, яғни 1996 жылдан бүгінгі күнге дейінгі уақыт.

И. В. Соргутов агроөнеркәсіп кешенін мемлекеттік қолдау жөніндегі мақаласында (2021) «Азық-түлік кешені - ішіп-жем өндіріп, оны тұтынушыға дейін жеткізуге бағытталған экономика салаларының жиынтығы...» деп көрсеткен. Оның ойынша азық-түлік кешеніне өндірістік, әлеуметтік және

нарықтық құрылымдардың қызметі мен тепе-теңдігін сақтауға мүмкіндік беретін тұрақты ішкі, аймақ аралық және сыртқы экономикалық байланыстар қажет. Сонымен қатар И. В. Соргутов жалпы ауылшаруашылығын дамыту Тұрақты даму мақсаттарының маңызды элементі екенін атап көрсеткен.

Тұрақты даму мақсаттары жөнінде айтылатын әдебиеттерге келсек, 17 жаһандық мақсат жайлы айтылған «Әлемімізді өзгертеміз: 2030 жылға дейінгі тұрақты дамудың күн тәртібі» (*Күн тәртібі, 2015*) деп аталатын құжатта ресми мәлімет берілген. Қазір Тұрақты даму мақсаттары жөнінде кең көлемде жазылған теориялық әдебиет жоқтың қасы. Әйтсе де, нақтырақ ақпараттарды отандық және халықаралық институттар зерттеулері бойынша жарияланатын есептерден, халықаралық рейтингтік ұйымдардың баяндамаларынан көруге болады. Тұрақты даму мақсаттары жөнінде теориялық мәліметтердің жинақталуына үлес қосып жүрген авторлар да баршылық. Мысалы Утрехтский университеті (Нидерланды) қызметкерлері Н. Кани, Ф. Бирман және Р. Кимдердің еңбегінде тұрақты дамудың экономикалық, әлеуметтік және экологиялық аспектілерінің бірігуіне, нақты прогресті өлшеу қажеттілігі жөнінде айтылады (2017).

Сонымен қатар кей елдердегі осы бағыттағы заңдық құжаттарда азық-түлік қауіпсіздігі және оның институттық негіздері жазылған.

Қазақстанда азық-түлік қауіпсіздігі төмендегі заңдарда нақтырақ қарастырылған:

- «Ұлттық қауіпсіздік туралы» Заң;
- «Агроөнеркәсіп кешеті мен ауылшаруашылық территорияларын мемлекеттік реттеу» туралы Заң.

Қазір тұрақты даму мақсаты тұрғысынан теориялық әдебиет көп емес. Тұрақты дамудың әр мақсаты бойынша жеке зерттеулер жасалуда. Алайда COVID-19 пандемиясымен байланысты дағдарыс бірігіп зерттеу жасауды қажет етеді. Өйткені бұл кезең әртүрлі саланың мақсаттарына жеке-жеке ойдағыдай қол жеткізу мүмкін емес екенін көрсетті. Сондықтан азық-түлік қауіпсіздігін жеке теориялық материалдар негізінде ғана зерттеу мүмкін емес. Сондықтан Біріккен

Ұлттар Ұйымының азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымы Азық-түлікті тұрақты өндіру және ауылшаруашылығын жүргізу жөнінде тұжырымдама әзірледі. Тұжырымдаманың мәні – азық-түлік құнарлы және қолжетімді болатындай, ал табиғи ресурстарды пайдалану қазіргі және болашақ ұрпақтың қажеттіліктерін қамтамасыз етуге қажет экожүйе қызметтерін сақтауға жағдай жасайтындай әлем қалыптастыру (*Концепция ФАО, 2011*). Айтылып отырған мақсатқа жету мониторинг жүргізуді қажет етеді. Л. Гуппи, П. Мехта және М. Кадир деген авторлар әрбір тұрақты даму мақсатының орындалуына мониторинг жүргізіп отыру қажеттігін айтады (2019).

Тұрақты даму мақсаттарының негізінде аграрлық азық-түлік жүйесінің тұрақтылығына Р. Валентини, Дж. Зивенпайпер, М. Антонелли и К. Дембска сияқты авторлардың еңбегінде талдау жасалған (2017). Авторлар азық-түлік қауіпсіздігі, климаттың өзгеруі, миграция және ауылшаруашылығы сияқты сұрақтарды жан-жақты зерттеген.

Азық-түлік қауіпсіздігі жөнінде терең зерттеу жасаған авторлардың бірі – Ревенко Л.С. (2015). Ол осы тақырыпқа арнаған мақаласында азық-түлік қауіпсіздігін анықтайтын амалдарды өзгертуге ықпал ететін факторларды ашып көрсеткен. Л.С. Ревенконың ойынша ондай факторларға жаһандану процесінің тереңдеуі, тиімді тамақтануға қатысты жаңа ғылыми көзқарастардың пайда болуы, адамдардың тойып тамақ жемеуі мен аштықты жою мақсатында халықаралық ынтымақтастық тұжырымдамасының жаңаруы жатқызылған. Демек, жаһандану процесі кең таралып дамып келе жатқан қазіргі кезде азық-түлік қауіпсіздігі мәселесіне деген ғылыми көзқарастың, оны анықтау саясатының өзгеруі заңдылық. Сондықтан да 2030 жылға дейінгі Жаһандық күн тәртібі аясында азық-түлік мәселесіне «Аштықты жою» деген жеке тұрақты даму мақсаты арналып отыр және ол тек ғана адамзаттың тойып ас ішуі тұрғысынан емес, дұрыс тамақтану тұрғысынан да қарастырылады. Азық-түлік қауіпсіздігіне байланысты басқа да тұрақты даму мақсаттары аясындағы міндеттер «Әлемімізді өзгертеміз: 2030 жылға дейінгі тұрақты дамудың күн тәртібі»

(Agenda, 2015) деген құжатта баяндалады.

### Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеліп отырған мәселенің теориялық негіздері азық-түлік қауіпсіздігіне еңбектерін арнаған ғалымдардың еңбектері мен халықаралық ұйымдардың ресми құжаттарына негізделіп зерттелді. Сонымен қатар азық-түлік қауіпсіздігінің еліміздің халықаралық аренадағы бәсекелестік қабілеттілігіне ықпалын бағалау үшін Тұрақты даму мақсаттарының жыл сайын жарияланатын рейтингі мен Азық-түлік қауіпсіздігі рейтингінің есептері қолданылды.

Мақалада талдау жасау барысында абстрактылық-логикалық әдіс азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі амалдар мен көзқарастар жөнінде қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Ал салыстырмалы талдау әдісі халықаралық еліміздің орнына талдау жасай отырып, азық-түлік қауіпсіздігі мәселесіне тұрақты даму мақсаты тұрғысынан баға беруге мүмкіндік берді.

### Зерттеу нәтижелері

Кез-келген ел үшін азық-түлік қауіпсіздігі елдегі басым бағыттардың бірі болып табылады. Ал біздің еліміз бұл

мәселеге ұлттық қауіпсіздік жүйесінің өзегі болатын факторлардың бірі ретінде қарайды. Өйткені бұл халықаралық аренада әлемдегі алдыңғы қатарлы елдермен терезені тең ұстауға ерекше ықпал ететініне күмән жоқ.

Олай болса, бұл еліміздің дамуының тұрақты дамуын қалыптастыру негізі болатын маңызды факторлардың бірі. Алайда азық-түлік қауіпсіздігі жағынан халықаралық бәсекелестік қабілеті тұрақты болмай отыр.

Соңғы 3 жылда жаһандық Азық-түлік қауіпсіздігі рейтингінде Қазақстанның рейтингі 16 сатыға жоғарылап, 2021 жылы 41-орынға көтерілді. Азық-түлік қауіпсіздігінің рейтингінде 2021 жылы Қазақстан 113 елдің ішінде 41-орын иеленгеніне қарамастан, 2020 жылмен салыстырғанда елдің позициясы 6 сатыға төмендеген (*Global Food Security Index, 2021*). Алайда еліміздің жинаған орташа ұпайын рейтингке қамтылған 113 елдің орташа ұпайымен салыстырғанда 8,3 ұпай артық. Бұл «Қолжетімділік» деп аталатын критерий елдегі азық-түлік саласындағы бағдарламалардың болуы жөніндегі және елде жаһандық деңгейдегі кедейлік шегінен жағдайы төмен халықтың үлесін көрсететін көрсеткіштер бойынша өте жақсы нәтижелер болуымен байланысты (1-кесте).

### 1 – кесте. 2021 жылғы Жаһандық азық-түлік қауіпсіздігі индексындағы Қазақстанның нәтижесі

критерий	баға гистограммасы	ұпай	(+,-)	орын	(+,-)	орташа ұпай (барлық ел)	орташа мәнмен салыстыру (ҚР)
<b>Азық-түлік қауіпсіздігінің жалпы индексі</b>		<b>69,2</b>	<b>-2,7</b>	<b>41</b>	<b>▼6</b>	<b>60,9</b>	<b>+8,3</b>
Қолжетімділік		83,0	+0,6	35	▲4	66,8	+16,2
Ресурстың қолда болуы		58,5	-6,8	54	▼25	56,7	+1,8
Сапа және қауіпсіздік		81,0	-3,1	≈38	▼6	68,0	+13,0
Табиғи ресурстар және тұрақтылық		51,9	-0,6	45	▼6	50,8	+1,1

Дерек көзі: *Global Food Security Index 2021*


1-кестеден елдің бәсекеге қабілеттілігі ұпай жағынан алғанда

халықаралық орташа деңгейдің 4 фактор бойынша да жоғары екенін көреміз.

Алайда тек «Қолжетімділік» факторы бойынша елдің рейтингтегі орны жағынан жоғары нәтиже көрсеткенімен, «Ресурстың қолда болуы» деген фактор бойынша Қазақстанның рейтингі 2020 жылмен салыстырғанда 25 орынға құлдыраған. Рейтинг нәтижелеріне жасаған талдау бұл фактор бойынша жағдайдың тауарлардың жеткілікті

жеткізілмеуі мен қол жетімділік саласындағы міндеттемелердің өз деңгейінде орындалмауына байланысты екенін көрсетіп отыр.

Сондай-ақ, Қазақстан 2020-2021 жылдар арсындағы көрсеткіштер динамикасы жағынан ең нашар нәтиже көрсеткен 10 елдің құрамын кіріп отыр (1-сурет).



Дерек көзі: Global Food Security Index 2021

Сурет 1 - 2020-2021 жылдар аралығында рейтинг көрсеткіші ең көп өзгерген елдер

Тұрақты даму мақсаттарының индексінде Малайзия біздің елімізден орын төмен тұрғанына қарамастан, Азық-түлік қауіпсіздігі индексінде ең жақсы серпіліс көрсеткен 10 елді бастап тұр. Малайзияның азық-түлік қауіпсіздігі бағытында қолға алған шаралары бұл саладағы елдің бәсекелестік қабілетін айтарлықтай көтерген. 2020 жылы Қазақстан бұл Азық-түлік қауіпсіздігі рейтингінде 32 орын, Малайзия 43 орын иеленген екен. Сөйтіп, 2020 жылғы Азық-түлік қауіпсіздігі индексінде Малайзия Қазақстаннан 12 орынға төмен тұрған болса, 2021 жылдың нәтижесі бойынша Қазақстаннан жоғары тұр.

Елімізді 2021 жылғы рейтингте артқа тартқан индикаторлардың ішінде динамикасы жағынан ең нашар нәтиже

азық-түлік қауіпсіздігі және қол жетімділік саласындағы міндеттемелерге (-43,8 балл) байланысты екенін жоғарыда айтып өткен болатынбыз. Ал Малайзия бұл индикатор бойынша керісінше өте жақсы өсім көрсеткен (+50 балл). Бұдан шығатын қорытынды: азық – түлік қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуі ауылшаруашылық саласындағы мемлекеттік басқару саясатының тиімділігіне тікелей байланысты.


Сонымен қатар елдегі азық-түлік қауіпсіздігін жақсарту елдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығының артуына ықпал етпек. Бұл үшін тек ғана ауылшаруашылығына бағытталған шаралар ғана атқару жеткіліксіз. Қазақстанда соңғы 20 жылда ауылшаруашылық саласын дамытуға



арналған бағдарламалар жүйелі түрде іске асып келеді. Сондықтан да халықаралық бәсекелестік қабілетті көрсететін рейтингтерде бағдарламаларға қатысты көрсеткіштер жағынан еліміз жоғары көрсеткіштер көрсетіп келеді. Мысалы, Азық-түлік қауіпсіздігі рейтингіндегі «азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы бағдарламалар» деген индикатор бойынша рейтингке қатысқан барлық елдің орташа ұпай 72,1 болса, Қазақстан 100 ұпай жинаған. Соған

қарамастан, елдің бұл саладағы бәсекелестік қабілеті тұрақталмай отыр. Сондықтан тұрақты дамуға ерекше назар аудару керек. Тұрақты даму көрсеткіштері бойынша елдің халықаралық аренадағы бәсекеге қабілетіне баға беру үшін Жаһандық Тұрақты даму мақсаттарының индексі нәтижелеріне талдау жасап көрейік.

2022 жылы жарияланған тұрақты даму рейтингінде Қазақстан 163 елдің арасында 65 орын иеленген (2-сурет).



Дерек көзі: Sustainable Development Report

## Сурет 2 – Тұрақты даму мақсаттарының индексіндегі Қазақстанның орны

2- суреттен Қазақстан 2020-2021 жылдары тұрақты даму мақсаттарының іске асуы бойынша оң динамика көрсеткенін байқау қиын емес. Біздің ойымызша бұл осы кезеңде елімізде тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыруға байланысты институттық деңгейде шаралардың қолға алынуымен байланысты болуы мүмкін. 2018 жылы ел Үкіметінде Тұрақты даму мақсаттарын іске асыру бойынша Үйлестіру кеңесі құрылып, жұмыс топтары 2019 жылдан бастап, ұлттық индикаторларды анықтау бойынша белсенді жұмыс атқара бастаған еді. Сонымен қатар 2019 жылы Қазақстан алғаш рет тұрақты даму мақсаттары жөніндегі Ерікті ұлттық шолуын жасады. Бұл құжатта әр мақсатты жүзеге асырудағы жетістіктер мен мәселелер жан-жақты көрсетілгендіктен, оны елдің бір жолғы қысқаша мониторингі деп қарауға да болады.

2020-2021 жылдардағы рейтинг нәтижелеріне ішінара сол шаралар оң


әсер етті деп ойлаймыз. Негізі 2020 жылы да рейтингте Қазақстан 65 орын иеленген. Алайда 2020 жылы рейтинг 166 елді қамтыса, 2022 жылы 163 елді қамтыған. Демек, 2022 жылғы нәтиже 2020 жылмен салыстырғанда нашар деген сөз. Тұрақты даму жөніндегі рейтингтің 2016-2022 жылдар аралығындағы нәтижелеріне жасалған талдау еліміздің тұрақты дамудағы бәсекелестік қабілетін төмендетіп отырған негізгі мақсаттардың бірі аштықты жеңумен байланысты мақсат екенін көрсетіп отыр.

2022 жылы 6 мақсат бойынша Қазақстан «қызыл аймаққа» кірген, яғни айтарлықтай көп мәселе бар мақсаттар қатарына кірген. Олар аштықты жою, таза энергия көздерімен қамтамасыз ету, климаттың өзгерісімен күрес, құрлықтың экожүйесі, тиімді институттар және серіктестік жөніндегі мақсаттар. Демек, «қызыл зонадағы» 4 мақсатты елдің азық-түлік қауіпсіздігіне тікелей әсере ететін мақсат деп қарастыруға болады. Ал тиімді

институттар мен серіктестік жөніндегі мақсаттар тікелей әсер етпегенімен, ішкі және халықаралық қатынастар арқылы жанама әсер ететін мақсаттар.

Жоғарыда аталған мақсаттардың әрқайсысының ішінде нақты индикаторлар бар. Оларға жасаған талдау Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігі жағына ерекше нұқсан келтіріп отырған индикатор – астық түсімі.

Рейтингте астық өнімділігі бойынша 2018 жылғы көрсеткіш алынған және 1,4 т/га құраған. Рейтинг мәліметтері бойынша Ресей және Украина сияқты бұрынғы кеңес одағы құрамындағы елдерде астық түсімі Қазақстаннан 2-3 есе артық. Ал ресми статистика бұл индикатор бойынша жағдай әлі жақсармағанын көрсетіп отыр (3-сурет).



Депек кезі: <https://stat.gov.kz/official/industry/14/statistic/8>

**Сурет 3 - Қазақстандағы дәнді және бұршақты дақылдардың түсімінің динамикасы**

Соңғы 17 жылда астық түсімінің ең жоғарғы көрсеткіші 10 жыл бұрын 16,9 ц/га жеткен. Ресми статистикалық мәліметтер 2018-жылдан кейін елімізде астық түсімінің артпағанын көрсетіп отыр. 2018 жылы 1,4т/га болса, 2019 жылы -12,3 ц/га, 2020 жылы – 12,8 ц/га құраған. Ал 2021 жылы дәнді және бұршақты дақылдар түсімі алдындағы маусыммен салыстырғанда 19%-ға төмендеп, орташа есеппен 10,4 ц/га құраған. Оның ішінде бидайдың түсімі 21% төмендеп, 9,3 ц/га құраған (АПК-Информ). Көрші Ресейде 2021 жылы астық түсімі 26,6 ц/га құраған (Интерфакс), яғни біздің еліміздегі астық түсімділігінен 2,5 есе көп.

Оның сыртында астық түсімі ауа райы жағдайына тәуелді екені түсінікті. Әйтсе де отандық ауылшаруашылық өндірісінің артықшылықтары да жетерлік.

Бұл – жердің кеңдігі, өнімнің экономикалық тазалығы (нормативтік құжаттарға сәйкес дұрыс қаптамаға салынып, таңбалануы керек), еңбек ресурстары және бәсекеге қабілетті азық-түлік өнімдерін өндіру мүмкіндігі. Дегенмен, Қазақстан үшін жаһандық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі елеулі қатерлердің бірі топырақтың эрозияға ұшырауы және құнарлылығын жоғалтуы екенін атап өткен жөн. Тұрақты даму жөніндегі индексте Қазақстандағы ең нашар көрсеткіш көрсеткен мақсаттары климаттың өзгеруімен, топырақ сапасымен байланысты міндеттер екенін ескерсек, елдің тұрақты даму тұрғысынан алғандағы бәсекелестік қабілеті келесі рейтингтерде де төмен болуы мүмкін.

Сондай-ақ, аталмыш рейтинг азық-түлік қауіпсіздігіндегі мәселелер

адамдардың денсаулығына да кері әсер ететінін көрсетеді. Бұл мәселелердің барлығы «Аштықты жою» деп 2-тұрақты даму мақсаты аясында тоғысқан. Мысалы, соңғы жылдары еліміз семіздіктің таралуы, 5 жасқа дейінгі балалардың бойының өсуінің тежелуі, 5 жасқа дейінгі балалардың арықтауы сияқты индикаторлар бойынша да басқа елдермен салыстырғанда нашар көрсеткіштер көрсеткен.

Сондықтан еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ғана емес, еліміздің халықаралық деңгейдегі бәсекелестік қабілеттілігін арттыру үшін нақты шараларды қолға алу қажет. Елдің бәсекелестік қабілетін арттыру тек индикаторлар бойынша әлемдік аренада жоғары орын алуды ғана білдірмейді, мұның әлеуметтік маңызы ерекше.

### Қорытынды

Талдаулар нәтижесі азық-түлік қауіпсіздік мәселесі Қазақстан үшін тұрақты даму жолындағы ең маңызды мақсаттар қатарынан орын алғанын көрсетуде. Сондықтан жүйелі шараларды қолға алған жөн.

▪ Елде азық-түлік қауіпсіздігі жөнінде ортақ түсінік бекітілмеген. Сондықтан да атқарылып жатқан шараларды бір жүйеге жинақтау қиындық тудыруда. Ең әуелі елде азық-түлік қауіпсіздігі ұғымы, оны қамтамасыз ету жөніндегі негізгі саясат бағыттары нақты бір нормативтік құжатта бекітілгені жөн.

▪ Астық түсімдерін арттыру үшін жаңа технологиялар пайдалануды қажет етеді. Ол үшін осы саладағы ғылымның дамуына ғана мән беру жеткіліксіз. Ауылшаруашылық бағытында дайындалып жатқан болашақ мамандар

сапалы білім алуы үшін студент кезінен-ақ тәжірибе жинақтау жолдарын қарастырып, ауылшаруашылығындағы жұмыс берушілер және ғылыми институттармен тығыз жұмыс жасау керек.

▪ Қазақстанда азық-түлікке қолжетімділік оның сатуда болуы ретінде анықталып отыр. Бұл мәселе сауда-логистика жүйесі тұрғысынан кеңірек қарастыруды қажет етеді. Сондықтан ұлттық жобалар аясында ауылшаруашылық өнімдерін тасымалдау жүйесін қызмет көрсету серасындағы басым бағыттардың бірі ретінде қарастыру керек.

▪ Елдің халықаралық аренадағы бәсекелестік қабілетін арттыруға рейтингтердегі көрсеткіштердің дұрыс болуы да маңызды. Сондықтан ұлттық индикаторлар бойынша мәліметтерді уақытында жаңартып, жүйелі түрде мониторинг өткізіп отырған жөн. Сонымен қатар ұлттық индикаторлардың ұзақ мерзімді мақсатты мәндерін анықтау уақыт күттірмейтін сұрақ деп ойлаймыз. Бұл азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолындағы мақсаттарды орындау үшін қанша ресурс керек екенін анықтауға мүмкіндік береді.

Мақала ҚР Ауылшаруашылық министрлігі тарапынан бағдарламалық-мақсаттық қаржыландыруға сәкес орындалып жатқан «Ауылшаруашылық саласындағы мемлекеттік саясаттың агроөнеркәсіп кешеніндегі кооперациялық процесіне, ауылшаруашылығын тұрақты дамытуға және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпалын зерттеу» тақырыбындағы BR10764919 ғылыми-техникалық бағдарламасына аясында дайындалды.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- FAO. (2011). Sustainable Food and Agriculture. In: Background <http://www.fao.org/sustainability/background/en/>
- Global Food Security Index 2021. (2021). <https://impact.economist.com/sustainability/project/food-security-index>
- Guppy, L., Mehta, P., Qadir, M. (2019). Sustainable development goal 6: Two gaps in the race for indicators. *Sustainability Science*, pp. 1-13.
- Sachs, J.D., Kroll, Ch., Lafortune, G., Fuller, G., Woelm, F. Sustainable Development Report 2016-2022. The Decade of Action for the Sustainable Development Goals Includes the SDG Index and Dashboards. <https://www.sdgindex.org/>
- Transforming our world: the 2030 Agenda for Sustainable Development. (2015). 35 p. <https://sdgs.un.org/ru/2030agenda>



- Valentini, R., Sievenpiper, J., Antonelli, M., Dembska K. (2019). *Achieving the Sustainable Development Goals Through Sustainable Food Systems*. Springer, Cham. doi: 10.1007/978-3-030-23969-5
- АПК Информ. (2022). Урожай зерновых в Казахстане в 2021 году стал минимальным за последние 10 лет. <https://www.apk-inform.com/ru/news/1524966>
- Bierman, F., Kanie, N., Kim, R.E. (2017). Global Governance by Goalsetting: the Novel Approach of the UN Sustainable Development Goals. *Current Opinion in Environmental Sustainability*, vol. 26-27, pp. 26-31.
- Закон Республики Казахстан «О государственном регулировании развития агропромышленного комплекса и сельских территорий» от 08.07.2005 года №66. <https://adilet.zan.kz>
- Закон Республики Казахстан «О национальной безопасности» от 06.01.2012 года №527-IV. <https://adilet.zan.kz>
- Интерфакс. (2021). Сбор зерна в РФ в чистом весе в 2021 году составил 120,7 млн тонн. <https://www.interfax.ru/business/812194>
- Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми сайты. <https://stat.gov.kz>
- ҚР Президентінің 2020 жылғы 6 наурыздағы №280 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2020-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы». [https://www.akorda.kz/kz/legal\\_acts/decrees/kazakhstan-respublikasy-syrtky-sayasatynyn-2020-2030-zhyldarga-arnalghan-tuzhyrymdamasy-turaly](https://www.akorda.kz/kz/legal_acts/decrees/kazakhstan-respublikasy-syrtky-sayasatynyn-2020-2030-zhyldarga-arnalghan-tuzhyrymdamasy-turaly)
- Нехода, Е.В. (2013). Продовольственная безопасность и государственная поддержка сельского хозяйства в интерпретации ВТО, *Вестник Томского государственного университета*, №377. С.123–128.
- Ревенко, Л.С. (2015). Параметры и риски продовольственной безопасности. *Международные процессы*, Т. 13, № 41, С. 6–20.
- Соргутов, И.В. (2021). Оценка влияния государственной поддержки агропродовольственного сектора экономики в условиях санкций на материалах Приволжского Федерального округа. *Московский экономический журнал*, №8, <https://qje.su/otraslevaya-i-regionalnaya-ekonomika/moskovskij-ekonomicheskij-zhurnal-8-2021-45/>

## REFERENCES

- FAO. (2011). Sustainable Food and Agriculture. In: Background <http://www.fao.org/sustainability/background/en/>
- Global Food Security Index 2021. (2021). <https://impact.economist.com/sustainability/project/food-security-index>
- Guppy, L., Mehta, P., Qadir, M. (2019). *Sustainable development goal 6: Two gaps in the race for indicators*. *Sustainability Science*, pp. 1-13.
- Sachs, J.D., Kroll, Ch., Lafortune, G., Fuller, G., Woelm, F. *Sustainable Development Report 2016-2022*. The Decade of Action for the Sustainable Development Goals Includes the SDG Index and Dashboards. <https://www.sdgindex.org/>
- Transforming our world: the 2030 Agenda for Sustainable Development*. (2015). 35 p. <https://sdgs.un.org/ru/2030agenda>
- Valentini, R., Sievenpiper, J., Antonelli, M., Dembska K. (2019). *Achieving the Sustainable Development Goals Through Sustainable Food Systems*. Springer, Cham. doi: 10.1007/978-3-030-23969-5
- АПК Информ. (2022). Urozhai zernovykh v Kazakhstane v 2021 godu stal minimal'nym za poslednie 10 let. <https://www.apk-inform.com/ru/news/1524966>
- Vierman, F., Kanie, N., Kim, R.E. (2017). Global Governance by Goalsetting: the Novel Approach of the UN Sustainable Development Goals. *Current Opinion in Environmental Sustainability*, vol. 26-27, pp. 26-31.
- Zakon Respubliki Kazakhstan «O gosudarstvennom regulirovanii razvitiya agropromyshlennogo kompleksa i sel'skikh territorii» ot 08.07.2005 goda №66. <https://adilet.zan.kz> (In Russian).
- Zakon Respubliki Kazakhstan «O natsional'noi bezopasnosti» ot 06.01.2012 goda №527-IV. <https://adilet.zan.kz> (In Russian).
- Interfaks. (2021). Sbor zerna v RF v chistom vese v 2021 godu sostavil 120,7 mln tonn. <https://www.interfax.ru/business/812194> (In Russian).
- Kazakstan Respublikasy Strategiyyalyk zhosparlau zhane reformalar agenttigi Ulttyk statistika byurosynyn resmi saity. <https://stat.gov.kz> (In Russian).
- KR Prezidentinin 2020 zhylygy 6 nauryzdagy №280 Zharlygyymen bekitylgen «Kazakstan Respublikasy syrtky sayasatynyn 2020-2030 zhyldarga arналған tuzhyrymdamasy». [https://www.akorda.kz/kz/legal\\_acts/decrees/kazakhstan-respublikasy-syrtky-sayasatynyn-2020-2030-zhyldarga-arnalghan-tuzhyrymdamasy-turaly](https://www.akorda.kz/kz/legal_acts/decrees/kazakhstan-respublikasy-syrtky-sayasatynyn-2020-2030-zhyldarga-arnalghan-tuzhyrymdamasy-turaly) (In Kazakh).
- Nekhoda, E.V. (2013). Prodovol'stvennaya bezopasnost' i gosudarstvennaya podderzhka sel'skogo

- khozyaistva v interpretatsii VTO, *Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta*, №377. S.123–128 (In Russian).
- Revenko, L.S. (2015). Parametry i riski prodovol'stvennoi bezopasnosti. *Mezhdunarodnye protsessy*, T. 13, № 41, S. 6–20 (In Russian).
- Sorgutov, I.V. (2021). Otsenka vliyaniya gosudarstvennoi podderzhki agroprodovol'stvennogo sektora ekonomiki v usloviyakh sanktsii na materialakh Privolzhskogo Federal'nogo okruga. *Moskovskii ekonomicheskii zhurnal*, №8, <https://qje.su/otraslevaya-i-regionalnaya-ekonomika/moskovskij-ekonomicheskij-zhurnal-8-2021-45/> (In Russian).

#### THE IMPACT OF FOOD SECURITY ON THE COUNTRY'S INTERNATIONAL COMPETITIVENESS

**Ongarbek ALIPBEKI**, doctor of biological sciences, professor of biology, S. Seifullin Kazakh agrotechnical University, Astana, Kazakhstan, [aalipbeki@gmail.com](mailto:aalipbeki@gmail.com), ORCID: 0000-0001-6205-0490, ScopusID: 57190942962

**Bakhytgul KHAMBAR**, candidate of economic sciences, JSC "Institute of Economic Research", Astana, Kazakhstan, [237809@gmail.com](mailto:237809@gmail.com), ORCID: 0000-0001-5075-3842, ScopusID: 57199174460, ResearcherID: AAM-1241-2020

**Chaimgul ALIPBEKOVA**, candidate of Agricultural Sciences, S. Seifullin Kazakh agrotechnical University, Astana, Kazakhstan, [chaimgul@mail.ru](mailto:chaimgul@mail.ru)

#### ВЛИЯНИЕ ПРОДОВОЛЬСТВЕННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ НА МЕЖДУНАРОДНУЮ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТЬ СТРАНЫ

**Онгарбек АЛИПБЕК**, доктор биологических наук, профессор биологии, Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина, Астана, Казахстан, [aalipbeki@gmail.com](mailto:aalipbeki@gmail.com), ORCID:0000-0001-6205-0490, Scopus ID: 57190942962

**Бахытгуль ХАМБАР**, кандидат экономических наук, АО "Институт экономических исследований", Астана, Казахстан, [237809@gmail.com](mailto:237809@gmail.com), ORCID: 0000-0001-5075-3842, ScopusID: 57199174460, researcher ID: AAM-1241-2020

**Чаймгуль АЛИПБЕКОВА**, кандидат сельскохозяйственных наук, Казахский агротехнический университет имени С. Сейфуллина, Астана, Казахстан, [chaimgul@mail.ru](mailto:chaimgul@mail.ru)